

"2005 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 218 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 желтоқсандағы № 1316 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2005 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 218 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін :

2-тармақ мынадай редакцияда жасылсын:

«2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Әсет Өрентайұлы Исекешевке 2005 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.»;

жоғарыда көрсетілген қаулымен мақұлданған 2005 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттама жобасының 1-б а б ы н д а :

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Орталықтың қазақстандық бөлігін басқару жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.»;

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарларды (жүктерді) Орталыққа/Орталықтан өткізу кезінде ұлттық заңнамалар және халықаралық шарттардың тиісті ережелері сақталуы тиіс. Орталыққа/Орталықтан өткізілетін тауарларға (жүктерге) қатысты кедендік рәсімдерді жүргізу аптасына жеті күн қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Адамдар, шағын литражды және жеңіл

автомобильдер (сыйымдылығы 8 адамға дейін) үшін кедендік рәсімдерді жүргізу уақыты қажет болған жағдайда ұзартылады.»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 1 - б а п

Орталыққа/Орталықтан өткізу кезінде көлік құралында Тараптардың бірі мемлекетінің таным белгісі мен мемлекеттік-тіркеу нөмірі болуы тиіс. Жүк тасымалдары осьтерінің саны 6-дан (қоса алғанда) аспайтын жүк автомобильдерімен жүзеге асырылады. Орталық аумағында жолаушы мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде аумағында тасымалдау жүзеге асыратын Тарап мемлекетінің заңнамасы с а қ т а л у ы т и і с . » ; » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*